



Статистикаға сәйкес, балалардың қатысуымен болған барлық жол көлік оқиғаларының төрттен үш бөлігі олардың ойластырылмаған әрекеттері нәтижесінде пайда болады. Олардың ішінде ең көп тарағандары:

- Өту үшін белгіленген орындардан тыс жүріс бөлігі арқылы өту.
- Қозғалатын немесе тұрған көліктің, сондай-ақ, көруге кедергі келтіретін басқа кедергілердің салдарынан күтпеген жерден шығу.
- Бағдаршамның белгілеріне бағынбау.
- Көлік құралының жүру үшін пайдаланатын бөлігінде ойнау.

Балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу және жолдардағы қауіпсіз мінез-құлықты насихаттау үшін мектеп instagram парақшасында жол қозғалысы ережелері бойынша ата-аналарға, оқушыларға жадынамалар орналастырылған.

https://www.instagram.com/p/CF_cDmisQn2ClhHUyRssCKTOYYanA-49liIkS40/?igshid=189jlpdq161y

1-сыныптарда жол қозғалысы ережелеріне ерекше назар аударылды. Оқушылар үшін берілген тақырыпқа арналған әңгімелер, қауіпсіздік минуттары өткізілді.